

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

культурного наследия. Изучение языка помогает сохранить и передать знания, обычаи и традиции этнических групп [4, 122].

**Сохранение народного искусства и ремесел:** Культура тюркских народов Южной Сибири богата народным искусством и ремеслами, такими как ткачество, вышивка, керамика, ювелирное дело и др. Изучение и сохранение этих искусств помогает сохранить традиции и навыки ручного труда, которые передаются из поколения в поколение. **Поддержка**

**культурного туризма и развитие экономики:** Изучение и продвижение культуры тюркских народов Южной Сибири может способствовать развитию культурного туризма и экономическому развитию региона. Уникальные традиции, обычаи, ремесла и праздники могут привлечь туристов и способствовать развитию местной экономики.

Таким образом, изучение и сохранение культуры тюркских народов Южной Сибири важно для сохранения культурного наследия, понимания истории и традиций этнических групп, сохранения языка и языкового многообразия, а также поддержки развития региональной экономики и культурного туризма.

#### **Список использованных источников**

1. Дыбо, А.В. 2007. Лингвистические контакты ранних тюрков. Лексический фонд. Пратюркский период. М.: Вост. лит-ра. 195 с.
2. Малолетко, А.М. 2004. Древние народы Сибири. Этнический состав по данным топонимики. Т. 127 с.
3. Докаганатские тюрки. Томск: ТГУ. 300 с.
4. А.М. Сагалаев, И.В. Октябрьская. Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Знак и ритуал. // Новосибирск: 1990. 210 с.

ӘОЖ 67.134

### **КОМПЬЮТЕРЛІК ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ БАЗАСЫ**

**Бодаубек Айнұр Пәрімбекқызы**

[bodaubek.ainur@mail.ru](mailto:bodaubek.ainur@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – М.Қ. Ескеева

Компьютерлік лингвистика – тіл қызметін модельдеу мен тілдік деректерді өңдеуге, қажетті компьютерлік технологиялар мен бағдарламаларды жинақтаумен айналысатын ғылым саласы. Компьютерлік лингвистика термині ХХ ғасырдың 60-жылдары пайда болып, ғылыми айналымға ене бастады. Тіл теорияларын оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды енгізудің компьютерлік лингводидактиканың зерттеу пәні болып саналады. Лингвистикалық грамматиканың компьютерлік моделі 1960 жылдардан, Лос Анджелестегі Калифорния университетінің синтаксис мамандары құрған ағылшын тілінің генеративті грамматикасын тестілеуге арналған бағдарламаның құрылуынан бағдарламалар тілдегі жаңа теорияларды зерттеп, тестілеуде әлі де қолданылуда. Компьютерлік лингвистика мамандары сөйлем құра алатын және адам баласы оларды өңдеуде қазіргі лингвистикалық теорияларды қолдануға итермелейтін компьютерлік бағдарламаларды құрастыруда маңызы зор. Компьютерлік модельдер тілдік өнім шығаруда және егер ол кем дегенде адам тіліне жартылай болса да ұқсас сипатқа ие болғанда, оны өңдеп-түсінуде бағдарламаға енгізілген грамматиканың қолданылуы мүмкін деп есептеледі.

Компьютерлік лингвистика бағыты түркі тілдері үшін зерттеудің жаңа бір саласы деп саналғанымен, үнді-еуропа тілдерінде дәстүрлі форматқа ие. Компьютерлік лингвистиканың нақты айналысатын мәселесі – табиғи тілдің мәтін морфологиясын автоматты түрде талдау, жинақтау қағидалары. Мәтіннің ішкі және сыртқы тұлғасына байланысты «морфологиялық талдау» жұмысы деп те аталады. Қазіргі таңда оны анықтаудың екі тәсілі бар: когнитивті-интеллектуалдық және алгоритмдік. Осы екі тәсілдің негізінде оқытудың компьютерлік базасы жасалады. Компьютерлік тілдік қор дегеніміз - ғылым адамының өз зерттеу нысанына жаңаша түрде көз салудың мүмкіндігі болып табылады. Мұндай тілдік қор неғұрлым қомақты болса, солғұрлым тіл құрылысының сырын терең алады, сөйтіп зерттелетін нысан жөніндегі түсініктердің шеңбері кеңиді десек те болады [1, 120].

Тілдің компьютерлік қорының қажеттілік жағдайын алғаш рет информатика саласының үздігі А.П.Ершов дәлелдеп берді. Лингвистикалық талдау жұмысы ақпараттық барлау мен тіл білімі саласында методологиялық негіз ретінде қаралуы тиіс. Оның алғашқысы – тіл жайында мәліметтердің лексикографиялық пішінге келуі, екіншісі – жүйеленген тілдік мәліметтердің алгоритмдерге сай жасалуы. Тілдік бірліктердің лексикографиялық пішінде көрініс табуы сөздік жұмыстардың идеясына саяды.

Егер біз ана тіліміздің компьютерлік қорын құру методологиясына орыс тілінің машиналық қорын жасау тәжірибесіне сүйенсек, онда мынадай қор құрамын сақтауымыз қажет:

- 1) қазақ тілі компьютерлік қорының негізгі сөзтізбегі;
- 2) қазақ мәтіндерін суреттеу қоры;
- 3) қазақ тілінің терминологиялық қоры;
- 4) қазақ тілінің академиялық сөздіктері мен грамматика қоры;
- 5) қазақ тілінің лингво-статистикалық қоры;
- 6) қазақ тілінің лексикографиялық қоры;
- 7) қазақ тілі процессорларының қоры;
- 8) қазақ тіліне қатысты лингвистикалық алгоритмдер мен комплексті сипаттағы теориялық және тәжірибелік мәліметтерді бірлікте қамтитын бағдарламалар қоры.

Формалды пішіндегі қазақ тілінің компьютерлік қорын жасау мақсатымен байланысты күтілетін ең маңызды мәселелер мыналар деп білеміз:

а) тұтынушыға қажет болған белгілі бір сөзді қандай тіл көздерінен, мәтіндерден, тіл айырымдарынан іздестіру қажет;

ә) іздеуге тиісті сөз қарастыратын мәтінде қамтылған ба, жоқ па?

б) графикалық және фонетикалық пішіндерін қоса есептегенде сөздің мүмкін болған барлық түрлері мен тұлғасы айқындалып болды ма?

в) белгілі бір сөзге қатысты мәтін үзінділерінің (мәнмәтіндерінің) жалпы аумағы, сипаты анықталды ма?

г) белгілі бір сөз: қарастырып отырған семантикалық және грамматикалық сипатта өткен дәуірлердегі, көне ғасырдағы мәтіндерде қолданылған ба, егер қолданылса, қандай сөздіктерден көрініс тапқан?

Азаматтардың, мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару мекемелерінің, ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыру әрі іске асырудағы қалыптасқан қазіргі компьютерлік терминология ұғымы талданады. Сөздер мен сөз тіркестерінің жиынтығын беретін терминология тілтануда арнайы түсініктер мен белгілі бір ғылыми саланың нысанын анықтауға қолданады. Терминологияның өзіне тән метатілі бар. Тіл – нысан және метатіл бір-бірімен сәйкес келеді. Кез келген терминологияға, негізінен, кіретіндер: тіл-нысанда тіпті қолданылмайтын терминдер немесе тіл-нысан арқылы бір-біріне енген сөздер, сөз тіркестері мен олардың эквиваленттерінің ерекшеліктері, жаңа терминдердің пайда болуы, т.б [2, 98].

Қазақ терминологиясын жүйелеудің жаңа талаптарын жүзеге асыруды көздейтін сайт - терминологиялық лексиканы біріздендеру, терминологиялық қорды толықтыру, терминдерді және

атауларды қазақ тілінің нормаларына сәйкес реттеу, терминологиялық атауларды қолдану тиімділігін арттыру мақсатында бұқара қауымға арналған ақпараттық құрал болып табылады.

Лингвистикалық терминология — тіл білімі саласындағы арнайы ұғымдар мен өзіне ғана тән объектілерді білдіру үшін жұмсалатын сөздер мен сөз тіркестерінің жиынтық атауы. Лингвистикалық терминдер сөздігі — тіл білімі терминдерін қамтып, олардың түсінігін беретін сөздік. Лингвистикалық терминдер сөздігі материалдарды іріктеуіне қарай әліпбилік және тематикалық болып жасалады. Ал терминологиялық лексиканы қамтуына орай ол (лингвистикалық терминдерді тұтас қамтыған) жалпы сөздік және тіл білімінің арнаулы саласын ғана қамтитын, фонетикалық яки грамматикалық терминдер сөздігі боп бөлінеді. Мән-мазмұны, берер информациясына қарай лингвистикалық терминдер сөздігінің түсіндірмелі және номенклатуралы түрлері болады. Электрондық сөздіктердің ішінде терминологиялық деректер базасының (ТБД) орны ерекше. Бұл терминологиялық картотекаларды қалыптастыру бойынша жұмыстармен және ғылыми, техникалық, экономикалық және басқа терминдер санының тез өсуімен, терминологиялық ақпараттың үлкен көлемін қолмен өңдей алмауымен байланысты пайда болған терминологиялық қызметтің жаңа бағыты [3, 140].

ТДБ – бұл арнайы ғылым салаларына бөлінген және әртүрлі қызығушылықтары, білімі және дайындық деңгейі бар белгілі бір пайдаланушы топтарыға бағытталған деректердің электрондық жиынтығы. Олар барлық пәндік салалардың терминологиялық деректерін электрондық формада жазуға және оларды үнемі жаңартып отыруға мүмкіндік береді.

Көп тілді жүйелер бола отырып, ТДБ деректермен жұмыс істеу кезінде сақталатын қажетті тілді және аударма тілін таңдауға мүмкіндік береді. ТДБ-ның бұл ерекшелігі оларды көптілді сөздіктерге жақындатады, алайда олардан айырмашылығы, деректер банктері кезкелген уақытта берілген талаптарды өзгертуге мүмкіндік береді. Сөздік мақаланың соңында терминнің мәні, оның соңғы редакциялануы және сөздік мақаланы жасаушы туралы ақпарат бар. Бір қарағанда, деректер базасы – бұл стандартты түсіндірме анықтамалыққа тән қарапайым сөздік мақала, бірақ ТДБ сонымен бірге тәжірибелі және кәсіби пайдаланушылар тобына (терминологтар, аудармашылар, оқытушылар, ғалымдар, лингвистер және т.б.) қажет ұғымның егжей-тегжейлі сипаттамасын беретін бірқатар қосымша сілтемелерге ие.

Көптілді электрондық тезаурустардың машиналық аудармадағы маңызы ақпараттық технологияның дамуымен бірге өзгеріп, дами түсуде. Цифрлы аударма бағдарламаларын даярлау үшін әр түрлі тілдердегі бірдей мәтіндерден тұратын параллель корпустар қолданылады. Әдетте, корпустар бірнеше ондаған жылдар бойы жинақталған түбегейлі еңбекті талап ететін жоба. Қазақстанда Қазақ тілінің Алматы корпусымен қатар Қазақ тілі ұлттық корпусының кіші корпусы жобасы басталды. Аталған корпустардағы контент негізінен көркем әдебиет, периодикалық және публицистикалық шығармалар, ғылыми еңбектер негізінде жасалған [4, 153].

Цифрлы аударманың негізгі қызмет түрлері бірнеше бөліктерден тұрады: мәтіннің грамматикасы мен сөздердің жазылуын автоматты түрде тексеруге көмектесетін дербес немесе кіріктірілген редакторлар; салалық терминологияны басқаруды қамтамасыз ететін бағдарламалық жасақтама, кестелер, мәтіндік редакторлар; пән салаларының мәтіндерін аударуды басқаратын бағдарламалық жасақтамалар; бұрын аударылған мәтіндердің немесе сөйлемдердің үлгілері сақталатын аударма жадысын жатады; бір немесе бірнеше тілдердің қолданысындағы құжаттардың деректер базасы. Корпустардың көмегімен пән саласындағы аудармаларға қатысты ақпараттар өңделеді.

Цифрлы аударма кезінде қажетті сөздер мен терминдерді компьютер автоматты түрде өзі орындайтын болса, автоматтандырылған аударма кезінде аудармашы түрлі бағдарламалық жасақтамалар арқылы қосымша ақпаратты іздеумен жеке айналысады. Жоғарыда аталған бағдарламаларға қоса басқа да ақпараттық репозиторийлар мен параллель мәтіндер сақталған бағдарламалық жасақтамалар арқылы жеткіліксіз деңгейде қамтылған лексикалық бірліктерге балама іздеу мүмкіндігіне ие. Тезаурус құрастыруға қатысты мәселелерді зерттеу – компьютерлік лингвистика, аударматану, салалық терминология және

ақпараттық технологиялар тоғысында туындаған жаңа пәнаралық зерттеу болып табылады [5, 115].

Көптеген ғалымдардың пікірін қорыта келе, біз «Қазақ тілінің компьютерлік қоры» атты жүйенің түсінігі – көп тармақты әрі терең автоматтандырылған жүйені аңғартады демекпіз және оның атқаратын міндеті ақпараттық барлау мен тілі білімі саласындағы зерттеушілік болуы тиіс. Ал ондай компьютерлік қор жасаудың методологиялық негіздері ретінде мынадай екі тезисті басшылыққа алғанды жөн санар едік. Оның біріншісі – тіл жөніндегі деректердің қандайы болмасын лексикографиялық пішінге келтірілуі қажеттігі, ал екіншісі – лексикографиялық жағынан жүйеленген тілдік мәліметтердің барлығын да алгоритмдер тіліне лайықтаудың керектігі.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Жұбанов А. Компьютерлік лингвистикаға кіріспе. – Алматы, 2007. 220 б.
2. Гузев В.Г., Пиатровский Р.Г., Щербак А.М., О создании машинного фонда тюркских языков // Советская тюркология. 1988. №2. С. 98-101.
3. Ершов А.П. К методологии построения диалоговых систем: феномен деловой прозы. Препр. №156. ВЦ СО АН СССР. Новосибирск, 1979. 200 с.
4. Самбетбаева М.А. Ғылыми-білім беру қызметін қолдауға арналған ақпараттық жүйе үшін ақпараттық технологиялар бойынша қазақ тілі морфологиясын ескере отырып көптілді тезаурус жасау. – Астана, 2016. – 169 б.
5. Ерімбетова А. Байланыстар грамматикасын зерттеу, мәтіндер релеванттылығын және тақырыбын анықтау: 6D070300: док. PhD ... дис. – Астана, 2016. – 116 с.

УДК 70.134

#### **ЧАБЫРГАХ И ЖАНРЫ ФОЛЬКЛОР ТЮРКОЯЗЫЧНЫХ НАРОДОВ**

**Борисов Алексей Владиславович**

[alekseyborisov2004@gmail.com](mailto:alekseyborisov2004@gmail.com)

студент Северо-Восточного федерального университета им. М.К.Аммосова,

Якутск, Республика Саха (Якутия)

Научный руководитель – И.Н. Сорова

Чабыргах - один из самых остроязычных и ярких видов устного народного творчества якутов и является шуточным и сатирическим жанром [1, 299]. Он в основном направлен на поиск и обличение каких-то злых и смешных сторон народного быта. Помимо этого чабыргах выступает как считалки, перечисление, загадка [2, 331]. Считалки - жанр детского фольклора. Как правило, это небольшие стихотворные тексты с четкой рифмо-ритмической структурой в шуточной форме, предназначенные для случайного избрания (обычно одного) участника из множества. Неслучайным выбором (классификацией) может быть самая простая считалка типа “на первый, второй”, результатом которой является разделение первоначального множества объектов на два.

У некоторых тюркоязычных народов есть жанры фольклора, схожие с якутским чабыргах. Но они представлены в основном только как считалки - упражнения для развития речи. Н.А. Баскаков в своем труде “Алтайский фольклор и литература” использовал термин “модор сөстөр” применительно к алтайским скороговоркам, определяя их как малый жанр алтайского фольклора.

Скороговорки в алтайском фольклоре выступают как самостоятельный жанр бытового и детского фольклора, основная функция которых заключается в обучении детей правильному произношению слов, чувству ритма. Наряду с обучающей и развивающей функциями скороговорки выполняют регулятивную функцию. Наиболее четко она прослеживается в играх в